

Бекітілді
№ 17 бөбекжай-бақша директоры
М.А.Кунасова
№ 1 педагогикалық кеңес шешімі:
02.09.2021 ж.



**Мектепке дейінгі ұйымда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың
үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру бойынша жылдық
перспективалық жоспары
Кіші «Балапан» қазақ тобы 2-3 жас**

2021 – 2022 оқу жылы

Бекітілді
 № 17 пәтержай-бақша директоры
 М.А.Қунасова
 № 1 педагогикалық кеңес шешімі:
 02.09.2021 ж.



Өтпелі тақырыптар				
№	Айлар	Өтпелі тақырыптар	Апталық тақырыптар	Апталар
1	Қыркүйек айы.	«Балабақша».	«Менің балабақшам»	I апта
			«Менің достарым»	II апта.
			«Менің сүйікті ойыншықтарым»	III апта.
			«Балабақшадағы үлкендердің еңбегі»	IV апта.
2	Қазан айы.	«Менің отбасым».	«Менің отбасым»	I апта
			«Менің көшем. Мен тұратын үй»	II апта.
			«Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»	III апта.
			«Алтын күз»	IV апта.
3	Қараша айы	«Дені саудың жаны сау».	«Пайдалы көкөністер»	I апта
			«Жеміс бағында»	II апта.
			«Өзім туралы. Мен кімін?»	III апта.
			«Мөлдір су»	IV апта.
4	Желтоқсан айы.	«Бізді қоршаған әлем».	«Қуыршақтың жиһаздары»	I апта
			«Қуыршақтың киімдері»	II апта.
			«Ыдыстар»	III апта.
			«Ғажайып қыс»	IV апта.
5	Қаңтар айы.	«Біздің кіші достарымыз».	«Ауладағы құстар» (Үй құстары)	I апта
			«Үй жануарлары»	II апта.
			«Орманда нелер мекендейді?»	III апта.
			«Құстар- біздің досымыз»	IV апта.
6	Ақпан айы.	«Бізді қоршаған әлем».	«Көліктер»	I апта

			«Мамандықтың бәрі жақсы»	II апта.
			«Менің қалам»	III апта.
			«Ойнаймыз, танимыз, зерттейміз».	IV апта.
7	Наурыз айы.	«Салттар мен фольклор».	«Анамды мен сүйемін».	I апта
			«Ертегілер елінде. Театр әлемі».	II апта.
			«Әжеге қонаққа барамыз».	III апта.
			«Мерекелік дастархан».	IV апта.
8	Сәуір айы.	«Табиғат әлемі».	«Нұр төккен, гүл көктем».	I апта
			«Ағаштар».	II апта.
			«Су әлемі. Аквариум».	III апта.
			«Жәндіктер».	IV апта.
9	Мамыр айы.	«Әрқашан күн сөнбесін».	«Аялайық гүлдерді. Гүлдер, шөптер».	I апта
			«Бақ-бақ деген не?»	II апта.
			«Әдептілік әлемінде»	III апта.
			«Көңілді жаз»	IV апта.

Кіші «Балапан» тобы
Өтпелі тақырып: «Балабақша» (Қыркүйек I апта.)
«Менің балабақшам»

Мақсаты: Балаларға балабақшаны әлеументтік орта ретінде таныстыру (топ бөлмелері, жиһаздар, керует, ойыншықтар т.б) Балабақшаға, тәрбиешіге, балаларға деген көтеріңкі көңіл-күй, достық қарым-қатынас қалыптастыру.

<p align="center">Денсаулық - 3 Дене шынықтыру (3сағат)</p>	<p align="center">Қатынас- 1 Сөйлеуді дамыту (0,5) Көркем әдебиет (0,5)</p>	<p align="center">Таным- 2 Сенсорика (0,5с) Құрастыру (0,5) Жаратылыстану (1с)</p>	<p align="center">Шығармашылық- 3 Сурет салу (1с) Мүсіндеу (0,25) Музыка (1,5с) Жапсыру (0,25)</p>
<p align="center"><u>Дене шынықтыру</u></p> <p>1. Бір қатар тізбекпен баяу және жылдам жүру. Мақсаты: Жылдам қозғалуды, баяу, жылдам жүруді және доптарды себетке салуды үйрету. Қимылды ойындарды қызығушылықпен орындауға тәрбиелеу.</p> <p>2. Алаңның бір шетінен екінші шетіне баяу және жылдам жүгіру. Жылдам қозғалуды, баяу, жылдам жүруді жүгіруді үйрету. Қимылды ойындарды қызығушылықпен орындауға тәрбиелеу. Дене бітімдерінің дұрыс қалыптасуын қадағалау.</p> <p>3. Алаңның бір шетінен екінші шетіне баяу және жылдам жүгіру. Баяу және жылдам жүруді Қимылды ойындарды қызығушылықпен орындауға тәрбиелеу. Дене бітімдерінің дұрыс қалыптасуын қадағалау.</p>	<p align="center"><u>Сөйлеуді дамыту</u></p> <p>«Біздің балалар қайда екен?» Балаларды топпен таныстыру, бөлмелердің аттарын үйрету. Сұрақтарға жауап беру арқылы тілдерін жетілдіру. Балабақшаға қызығушылық таныту. Ұқыптылыққа баулу.</p>	<p align="center"><u>Жаратылыстану</u></p> <p>«Балабақша-өз үйім» Балалардың өз балабақшаларына деген ыстық сезімдерін дамыту. Балабақшада қызмет істейтін апайларға құрмет көрсетіп, топта тазалық сақтай білу сияқты әдептілік дағдыларын қалыптастыру. Балабақша ауласындағы гүлдер мен ағаштарға күтіп-баптауға баулу.</p> <p align="center"><u>Құрастыру:</u></p> <p>«Доптар» Балаларды қағазбен жұмыс жасауға үйрету, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру, педагогтің ұсынған шарты бойынша екі бөліктен тұратын доптың суретін кеңестікте дұрыс орналастыра отырып құрастыра білуге үйрету. «Үлкен», «кіші» деген ұғымдарды игерту және оны іс-әрекет барысында көрсете алу дағдыларын қалыптастыру.</p>	<p align="center"><u>Сурет салу</u></p> <p>«Қарындаш іздерін салу» Көлденеңінен, тізінен сызықтар сызуды үйрету. Қағазбен, майлы қарындашпен таныстырып, жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Үстелде дұрыс отыра білуге және еңбек етуге тәрбиелеу.</p> <p align="center"><u>Музыка I-III-2</u> (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша)</p>

Кіші «Балапан» тобы
Өтпелі тақырып: «Балабақша» (Қыркүйек II апта.)
«Менің достарым»

Мақсаты: Әлеуметтік ортадағы өз орнын білуге және, құрдастарына деген достық қарым-қатынас орнатуға өзара сыйластыққа тәрбиелеу.

<p style="text-align: center;">Денсаулық- 3 Дене шынықтыру (3сағат)</p>	<p style="text-align: center;">Қатынас- 1 Сөйлеуді дамыту (0,5) Көркем әдебиет (0,5)</p>	<p style="text-align: center;">Таным- 2 Сенсорика (0,5с) Құрастыру (0,5) Жаратылыстану (1с)</p>	<p style="text-align: center;">Шығармашылық- 3 Сурет салу (1с) Мүсіндеу (0,25) Музыка (1,5с) Жапсыру (0,25)</p>
<p><u>Дене шынықтыру</u> 1.Алаңның бір шетінен екінші шетіне баяу және жылдам жүгіру. Баяу және жылдам жүруді, жүгіруді, қос аяқпен бір орында тұрып секіруді үйрету. 2. Бір орында тұрып, қос аяқпен секіру. Қимылды ойындарға қызығушылықпен қатысуға тәрбиелеу. Есте сақтау қабілетін дамыту. Дене бітімдерінің дұрыс қалыптасуын қадағалау. 3. Белгіленген жерге жерге дейін (2-3 м) еңбектеу. Балаларды белгіленген жерге дейін (2-3 м) еңбектеу ережелеріне үйрету. Қимылды ойындарға қызығушылықпен қатысуға тәрбиелеу. Есте сақтау қабілетін дамыту.</p>	<p><u>Көркем әдебиет</u> «Екі дос». Қ. Мырза әлі. Қ. Мырза әлінің «Екі дос» әңгімесімен таныстыру. Құрдастарымен қарым-қатынас жасау ережелерін сақтауға үйрету, ойында және қарым-қатынаста сыпайлық көрсете алуға көмектесу, өзара сыйластықта тәрбиелеу.</p>	<p><u>Жаратылыстану</u> «Тату доспыз бәріміз» Балаларға достық, татулық, бірлік ұғымдарын түсіндіру. Өзара татулық сезімдерін дамыту. Жас шамасына сәйкес ұлтжандылық сезімдерін қалыптастыру. Достықты қадірлей білуге тәрбиелеу. <p style="text-align: center;"><u>Сенсорика:</u></p> «Көжекті жасыр» Төрт мүмкіндіктің ішінен екі берілген нысанды таңдауға үйрету, түстері бойынша нысандарды топтастыру дағдысын бекіту, қызғылт сары, көк жасыл, қызыл түстермен балаларды таныстыруды жалғастыру, саусақтың бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Балаларды ұқыпты болуға тәрбиелеу.</p>	<p><u>Сурет салу</u> «Әуе шарлары» Қарындашты үш саусағымен дұрыс ұстай отырып, ирек сызықтар салуға дағдысын бекіту. Саусақ икемділіктерін, бейнелеу өнеріне деген қызығушылықтарын арттыру. Балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу. <p style="text-align: center;"><u>Жапсыру</u></p> «Шар» Балаларға дөңгелек және сопақша пішіндерді таныту.Әдемі шарды орналастыру. <u>Музыка II-IV-1</u> (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша)</p>

Кіші «Балапан» тобы
Өтпелі тақырып : «Балабақша» (Қыркүйек ІІІ апта.)
«Менің сүйікті ойыншықтарым»

Мақсаты: Ойыншықтарды біліп, атауға, мазмұнына қарай орнымен пайдалануға үйрету, тату ойнауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

<p align="center">Денсаулық- 3 Дене шынықтыру (3сағат)</p>	<p align="center">Қатынас- 1 Сөйлеуді дамыту (0,5) Көркем әдебиет (0,5)</p>	<p align="center">Таным- 2 Сенсорика (0,5с) Құрастыру (0,5) Жаратылыстану (1с)</p>	<p align="center">Шығармашылық- 3 Сурет салу (1с) Мүсіндеу (0,25) Музыка (1,5с) Жапсыру (0,25)</p>
<p align="center"><u>Дене шынықтыру</u></p> <p>1.Белгіленген жерге дейін (2-3 м) еңбектеу. Балаларға белгіленген жерге дейін еңбектеуді қайталату және 3-4 таяқшалардан аттап өтуге үйрету. Ұйымшылдықпен ойнап, бір-бірін сыйлауға тәрбиелеу.</p> <p>2. Таяқшалардан (3-4) аттап жүру. Балаларға таяқшалардан аттап өтуді қайталату және кегельдер арасымен допты қос қолмен ұстап жүруді үйрету.</p> <p>3. Кегельдер арасымен допты қос қолмен ұстап жүріп өту. Бірі-біріне кедергі жасамауларын қадағалау. Ұйымшылдықпен ойнап, бір-бірін сыйлауға тәрбиелеу. Жаттығулардың ережесін дұрыс орындауға дағдыландыру. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту.</p>	<p align="center"><u>Сөйлеуді дамыту</u></p> <p>«Менің сүйікті ойыншықтарым» Ойыншықтарды сипаттап айтуға үйрету,қандай?-сұрағына жауап беруге және жалғау жұрнақтарды сөздерге дұрыс жалғап айтуға үйрету.</p>	<p align="center"><u>Жаратылыстану</u></p> <p>«Менің ойыншықтарым» Балаларға ойыншықтар туралы түсіндіру. Ойыншықтардың аттарын атап, оларды бір-бірінен түсіне, көлеміне қарай ажырата білуге үйрету. Ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу.</p> <p align="center"><u>Құрастыру:</u></p> <p>«Пойыз» Балаларды құрылыс материалдарымен жұмыс жасауға үйрету, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға алуға дағдыландыру, педагогтің ұсынған шарты бойынша құрылыс материалдарын кеңістікте дұрыс орналастыра отырып, пойыз құрастыра білуге текшені, кірпішті бір-бірінен ажырата білуге үйрету.</p>	<p align="center"><u>Сурет салу</u></p> <p>«Доп» Балаларға қарапайым дөңгелек пішінді саусақпен құмда салуды үйрету.Саусақтарының икемділіктерін арттыру;Өз жұмысының нәтижесіне қызығушылықпен қарауға және ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p align="center"><u>Музыка I-III-2</u> (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша)</p>

Кіші «Балапан» тобы
Өтпелі тақырып : «Балабақша» (Қыркүйек IV апта.)
«Балабақшадағы үлкендердің еңбегі»

Мақсаты: Үлкендер еңбегіне қызығушылығын дамыту. Балабақшадағы үлкендер еңбегі туралы ұғымдарын қалыптастыра отырып жекелеген еңбек әрекеті тани және атай білуге үйрету.

<p style="text-align: center;">Денсаулық- 3 Дене шынықтыру (3сағат)</p>	<p style="text-align: center;">Қатынас- 1 Сөйлеуді дамыту (0,5) Көркем әдебиет (0,5)</p>	<p style="text-align: center;">Таным- 2 Сенсорика (0,5с) Құрастыру (0,5) Жаратылыстану (1с)</p>	<p style="text-align: center;">Шығармашылық- 3 Сурет салу (1с) Мүсіндеу (0,25) Музыка (1,5с) Жапсыру (0,25)</p>
<p style="text-align: center;"><u>Дене шынықтыру</u></p> <p>1.Кегельдер арасымен допты қос қолмен ұстап жүріп өту.Бірі-біріне кедергі жасамауларын қадағалау. Ұйымшылдықпен ойнап, бір-бірін сыйлауға тәрбиелеу. Жаттығулардың ережесін дұрыс орындауға дағдыландыру. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту.</p> <p>2. Жіптің (биіктігі 30-40 см) астынан еңбектеп өту. Балаларға еңбектеп жіптің астынан өтуді қайталату және допты қос қолмен ұстап шеңберге лақтыруды үйрету.</p> <p>3. Допты қос қолмен ұстап шеңберге лақтыру. Балаларға допты лақтыруды және еңбектеуді үйрету. Бір-біріне кедергі жасамауларын, арақашықтықты сақтауларын қадағалау.</p>	<p style="text-align: center;"><u>Көркем әдебиет</u></p> <p>«Алтын дән» (Күләш Ахметова өлең) Еңбекке қызығушылықтарын қалыптастыру, және оның нәтижелерін қадірлеуге үйрету.</p>	<p style="text-align: center;"><u>Жаратылыстану</u></p> <p>«Балабақшадағы үлкендер еңбегі» Балаларды балабақшамен таныстыруды жалғастыру. Балабақшада еңбек ететін үлкендер қызметімен таныстыру (тәрбиеші, тәрбиеші көмекшісі, аспазшы). Сөздік қорын молайту, тілдерін жетілдіру. Үлкендердің еңбегі туралы түсіндіру арқылы, үлкендерге сыйластық сезімдерін тәрбиелеу.</p> <p style="text-align: center;"><u>Сенсорика:</u></p> <p>«Шуақты күн». Шеңберден шықпауға, олардан қарапайым композиция жасауға, таныс пішіндерді бейнелеуге үйрету, ауызекі сөйлеу тілін дамыту, ұсақ қол моторикасын жетілдіру. Қимыл-қозғалысты ептілік пен үйлесімділік дағдысын қалыптастыру. Табиғатты аялауға тәрбиелеу.</p>	<p style="text-align: center;"><u>Сурет салу</u></p> <p>Түрлі түсті сақиналар Қол, саусақ қимыл-қозғалыс икемділігін бейімдей отырып дөңгелек пішін салуға үйрету, бояу түстерін ажырату дағдыларын қалыптастыру. Ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын, кеңістікті бағдарлай білу қабілетін дамыту.</p> <p style="text-align: center;"><u>Мүсіндеу</u></p> <p>«Қоянға арналған сәбіз» Ермексаз бөлшектерін алақанға салып есуді, әртүрлі форманы қалыптастыра білуді үйрету; мүсіндей білу және саусақтың ұсақ бөлшектерінің қимылын жетілдіру; логикалық дамуын қалыптастыру. Жануарлаға жанашырлық танытуға тәрбиелеу.</p> <p style="text-align: center;"><u>Музыка II-IV-1</u> (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша)</p>

Кіші «Балапан» тобы
Өтпелі тақырып : «Менің отбасым» (Қазан I апта.)
«Менің отбасым»

Мақсаты: Отбасы туралы түсінік бере отырып, өзінің туысқанына бауырмалдық, сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру

<p style="text-align: center;">Денсаулық- 3 Дене шынықтыру (3сағат)</p>	<p style="text-align: center;">Қатынас- 1 Сөйлеуді дамыту (0,5) Көркем әдебиет (0,5)</p>	<p style="text-align: center;">Таным- 2 Сенсорика (0,5с) Құрастыру (0,5) Жаратылыстану (1с)</p>	<p style="text-align: center;">Шығармашылық- 3 Сурет салу (1с) Мүсіндеу (0,25) Музыка (1,5с) Жапсыру (0,25)</p>
<p style="text-align: center;"><u>Дене шынықтыру</u></p> <p>1. Допты қос қолмен ұстап шеңберге лақтыру. Балаларға допты лақтыруды және еңбектеуді үйрету. Бір-біріне кедергі жасамауларын, арақашықтықты сақтауларын қадағалау.</p> <p>2. Доғалар астынан еңбектеп өту. Балаларды жаттығу ережелерін толық, дұрыс орындауға үйрету. Бір-біріне кедергі жасамауларын, арақашықтықты сақтауларын қадағалау.</p> <p>3. Арқан үстінен секіру. Қимыл-қозғалыстарын орындаған кезде сигналға жауап қайтаруға жаттықтыру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>	<p style="text-align: center;"><u>Сөйлеуді дамыту</u></p> <p>Дидактикалық ойын «Отбасы мүшелерін атап бер» Жанұя мүшелеріне деген сүйіспеншілігін арттырып, оларды сыйлауға тәрбиелеу.</p>	<p style="text-align: center;"><u>Жаратылыстану</u></p> <p>«Менің отбасым» Балаларға отбасы және отбасы мүшелері туралы түсінік беру. Сөйлем құрап айтуға, дыбыстарды анық, таза жеткізе білуге дағдыландыру. Отбасында үлкендерді сыйлап, кішілерге қамқор болу сияқты әдептілік қағидаларын сақтай білуге тәрбиелеу.</p> <p style="text-align: center;"><u>Құрастыру:</u></p> <p>«Үй және қақпа» Балаларды құрылыс материалдарымен жұмыс жасауға үйрету, олардың түсін пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру, педагогтің ұсынған шарты бойынша құрылыс материалдарын кеңестікте дұрыс орналастыра отырып үй және қақпаны құрастыра білуге үйрету.</p>	<p style="text-align: center;"><u>Сурет салу</u></p> <p>«Үй терезесіндегі жарықтар» Балаларды қылқаламның соңымен сурет салуға үйрету. Қағаз бетінде бағдарлай білуге үйрету. Түстер мен тікбұрышты пішіндер туралы білімдерін бекіту. Ұсақ қол моторикасын дамыту. Ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру</p> <p style="text-align: center;"><u>Музыка I-III-2</u> (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша)</p>

Кіші «Балапан» тобы
Өтпелі тақырып : «Менің отбасым» (Қазан II апта.)
«Менің көшем. Мен тұратын үй»

Мақсаты: Үй және отбасы туралы түсінікті кеңейту, үйдегі бөлмелер, тұрмыс тіршілік әрекетін ұғынып, мейірімдік қатынасты тудыру.

<p align="center">Денсаулық- 3 Дене шынықтыру (3сағат)</p>	<p align="center">Қатынас- 1 Сөйлеуді дамыту (0,5) Көркем әдебиет (0,5)</p>	<p align="center">Таным- 2 Сенсорика (0,5с) Құрастыру (0,5) Жаратылыстану (1с)</p>	<p align="center">Шығармашылық- 3 Сурет салу (1с) Мүсіндеу (0,25) Музыка (1,5с) Жапсыру (0,25)</p>
<p><u>Дене шынықтыру</u> 1. . Арқан үстінен секіру. Қимыл-қозғалыстарын орындаған кезде сигналға жауап қайтаруға жаттықтыру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. 2. Тартылған жіптен аттап өту. (биіктігі 10-15 см).. Қимыл-қозғалыстарды орындаған кезде сигналға жауап қайтаруға жаттықтыру, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Ұлттық ойынға қызығушылықтарын арттыру, ойлау қабілеттерін дамыту. 3. Допты бір-біріне лақтыру, ұстап алу. Допты лақтыру әдістерін игеру жағдайларын қамтамасыз ету, түзу және ирек жолдармен жүгіруді үйрету.</p>	<p><u>Көркем әдебиет</u> «Біздің шаңырақ». Ермек Өтетілеуұлы. Балаларға өлең сөзін қайталауға үйрету. Ермек Өтетілеуұлының «Біздің шаңырақ» өлеңімен таныстыру. Тілдерін жетілдіру, сөздік қорын молайту.</p>	<p><u>Жаратылыстану</u> «Менің үйім» Балаларды отбасымен, үйлерімен таныстыруды жалғастыру. Үйдегі бөлмелермен таныстыру арқылы, неге арналғандығын, тұрмыс тіршілік әрекетін түсіндіру. Мейірімдік қатынасты тудыру. <u>Сенсорика:</u> «Терезелі үй» Балаларды 2 әртүрлі фигураны(дөңгелек, шаршы) мен 2 әртүрлі көлемдегі (үлкен, кішкентай) заттарды таңдауды жүзеге асыра отырып оларды пішініне және көлеміне қарай топтастыруға үйрету, ұсақ қол моторикасын жетілдіру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>	<p><u>Сурет салу</u> «Терезеден күн сәулесі түсіп тұр» Гуашь бояумен, сурет салу тәсілдерімен (поролоннан жасалған пішіндермен немесе саусақпен), сары түспен таныстыру. Саусақпен күн сәулелерін салуға, оларды бояуға және нүкте қоюға үйрету. Қол бұлшық еттерін дамыту. Бейнелеу іс-әрекетіне қызығушылық танытуға ықпал ету. <u>Жапсыру</u> «Тар және кен жолдар.» Жолдармен таныстыру, олардың түсін пішінін көлемін ажырата алуға дағдыландыру. <u>Музыка II-IV-1</u> (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша)</p>

Кіші «Балапан» тобы

Өтпелі тақырып : «Менің отбасым» (Қазан ІІІ апта.)

«Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»

Мақсаты: Қоршаған ортаға деген танымдық қызығушылығын дамыту, көше туралы түсінік беру

<p align="center">Денсаулық- 3 Дене шынықтыру (3сағат)</p>	<p align="center">Қатынас- 1 Сөйлеуді дамыту (0,5) Көркем әдебиет (0,5)</p>	<p align="center">Таным- 2 Сенсорика (0,5с) Құрастыру (0,5) Жаратылыстану (1с)</p>	<p align="center">Шығармашылық- 3 Сурет салу (1с) Мүсіндеу (0,25) Музыка (1,5с) Жапсыру (0,25)</p>
<p><u>Дене шынықтыру</u> Допты бір-біріне лақтыру, ұстап алу. Допты лақтыру әдістерін игеру жағдайларын қамтамасыз ету, түзу және ирек жолдармен жүгіруді үйрету. Қимылды ойындарды қызығушылықпен орындауға тәрбиелеу.</p> <p align="center"><u>Дене шынықтыру</u></p> <p>2. Түзу және ирек жолдармен жүгіру. Балаларды арақашықтықты сақтай білуге дағдыландыру, тепе-теңдік сақтап жүруге үйрету. Ұйымшылдықпен ойнап бір бірін сыйлауға тәрбиелеу.</p> <p align="center"><u>Дене шынықтыру</u></p> <p>3. Тақтай үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру. Балаларды арақашықтықты сақтай білуге дағдыландыру, тепе-теңдік сақтап жүруге үйрету. Қимылды ойындарды қызығушылықпен орындауға тәрбиелеу.</p>	<p><u>Сөйлеуді дамыту</u> «Қонаққа бізді шақырды». Балаларды сөйлемдерді дұрыс құруға, сөздердің аяғын қиыстыруға, көмекші сөздерді қолдануға, сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. Суретке сүйене отырып, сөйлем құрастыру іскерлігін бекіту</p>	<p><u>Жаратылыстану</u> «Абайла балақай» Балаларды бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру. Ойын арқылы балаларға жолда жүру ережелерін меңгерту, түстерді ажырата білуге үйрету. Баланы мұқият болуға тәрбиелеу.</p> <p align="center"><u>Құрастыру:</u></p> <p>«Машина» Балаларды құрылыс материалдарымен жұмыс жасауға үйрету, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру, педагогтің ұсынған шарты бойынша құрылыс материалдарын кеңестікте дұрыс орналастыруға үйрету.«Алға»және «артқа»деген ұғымдарды меңгерту және оны іс-әрекет барысында көрсетуге дағдыландыру.</p>	<p align="center"><u>Сурет салу</u></p> <p>«Ұзын жолдар» Балалардың қарындашпен дұрыс жұмыс істей білу дағдыларын қалыптастыру, қағазға солдан оңға қарай түзу сызық жүргізе білуді үйрету.Еңбек етуге, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.</p> <p align="center"><u>Музыка I-III-2</u> (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша)</p>

Кіші «Балапан» тобы
Өтпелі тақырып: «Менің отбасым» (Қазан IV апта.)
«Алтын күз»

Мақсаты: Табиғаттағы болатын өзгерістер, құбылыстар жайлы түсінік бере отырып күз туралы білімдерін кеңейту, жыл мезгілдерін ажырата білуге үйрету, қызығушылықтарын арттыру.

<p>Денсаулық- 3 Дене шынықтыру (3сағат)</p>	<p>Қатынас- 1 Сөйлеуді дамыту (0,5) Көркем әдебиет (0,5)</p>	<p>Таным- 2 Сенсорика (0,5с) Құрастыру (0,5) Жаратылыстану (1с)</p>	<p>Шығармашылық- 3 Сурет салу (1с) Мүсіндеу (0,25) Музыка (1,5с) Жапсыру (0,25)</p>
<p style="text-align: center;"><u>Дене шынықтыру</u></p> <p>1. Тақтай үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру. Балаларды арақашықтықты сақтай білуге дағдыландыру, тепе-теңдік сақтап жүруге үйрету. Ұйымшылдықпен ойнап бір бірін сыйлауға тәрбиелеу. Ойынға қызығушылықтарын арттыру.</p> <p style="text-align: center;">2. <u>Дене шынықтыру</u></p> <p>Отырып (арақашықтығы 50-100 см), допты бір-біріне домалату. Балаларды арақашықтықты сақтай білуге, кедергілерден аттай алуға дағдыландыру. Қимыл қозғалыстарды орындаған кезде сигналға жауап қайтаруға ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p style="text-align: center;">3. <u>Дене шынықтыру</u></p> <p>Кедергілерден (текшелерден) аттап өту. Балаларды арақашықтықты сақтай білуге, кедергілерден аттай алуға дағдыландыру. Есте сақтау қабілеттерін артыру.</p>	<p style="text-align: center;"><u>Көркем әдебиет</u></p> <p>«Күз». А. Берсенов. Балаларға өлеңді зейін қойып тыңдауға, түсінуге және өз бетімен айтуға үйрету. Мазмұнын есте сақтау дағдыларын жетілдіру. Ұқыптылыққа баулу. Табиғатты сүюге тәрбиелеу.</p>	<p style="text-align: center;"><u>Жаратылыстану</u></p> <p>«Күзгі табиғат.» Балаларды жылдың күз мезгілімен, табиғаттағы күзгі ерекшеліктерімен таныстыру. Көргендерін суреттеп беруге дағдыландыру арқылы сөйлем құрап айта білуге бейімдеу. Табиғаттың сұлулығын түсініп, табиғат аясында қарапайым мінез-құлық ережелерін сақтап, табиғатқа қамқор болуға тәрбиелеу.</p> <p style="text-align: center;"><u>Сенсорика:</u></p> <p>Дидактикалық ойын «Жемістерді себеттерге сал» Жемістер туралы түсінік беру, түстер мен пішіндерді ажыратуға үйрету.</p>	<p style="text-align: center;"><u>Сурет салу</u></p> <p>«Қызыл сары жапырақтар, түсіп жерде жатыр» «Батыру» тәсілі арқылы сурет салуға (ең қарапайым тәсіл-саусақпен салу), ағаш бұтақтарына, жерге жапырақтарды салу, оларды ауада орналастыруға үйрету. Қызыл, сары түстерді бекіту. Қолдың ұсақ бұлшық еттерін дамыту, зейіндік пен байқағыштыққа тәрбиелеу. Эмоционалды сезімдерін тудыру.</p> <p style="text-align: center;"><u>Мүсіндеу</u></p> <p>«Ағаштағы алмалар.» Балалар алақан арасына салып айналдыра домалату, тілдерін дамыту, ұсақ қол маторикасын дамыту.</p> <p style="text-align: center;"><u>Музыка II-IV-I</u></p> <p>(Музыка жетекшісінің жоспары бойынша)</p>

Кіші «Балапан» тобы
Өтпелі тақырып : «Дені саудың жаны сау» (Қараша I апта.)
«Пайдалы көкөністер»

Мақсаты: Балалардың көкөніс туралы, олардың емдік қасиеттері жайлы білімдерін бекіту, көптеген өсімдіктердің адам үшін маңыздылығын көрсету, сөздік қорын жаңа сөздермен толықтыру.

<p align="center">Денсаулық- 3 Дене шынықтыру (3сағат)</p>	<p align="center">Қатынас- 1 Сөйлеуді дамыту (0,5) Көркем әдебиет (0,5)</p>	<p align="center">Таным- 2 Сенсорика (0,5с) Құрастыру (0,5) Жаратылыстану (1с)</p>	<p align="center">Шығармашылық- 3 Сурет салу (1с) Мүсіндеу (0,25) Музыка (1,5с) Жапсыру (0,25)</p>
<p align="center"><u>Дене шынықтыру</u></p> <p>1. Кедергілерден (текшелерден) аттап өту.Балаларды арақашықтықты сақтай білуге, кедергілерден аттай алуға дағдыландыру.</p> <p>2. Биіктіктен қос аяқпен секіру (5-10 см) Балаларды арақашықтықты сақтай білуге үйрету. Адамгершілік қасиеттерге, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p>3. Екі қатарға қойылған кегельдер арасымен допты қос қолмен ұстап жүру. Балаларды арақашықтықты сақтай білуге үйрету. Адамгершілік қасиеттерге, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>	<p align="center"><u>Сөйлеуді дамыту</u></p> <p>«Ғажайып қалта» Көкөністер, жемістер туралы түсінік беру, оларды сипаттап айтуға үйрету.</p>	<p align="center"><u>Жаратылыстану</u></p> <p>«Көкөністер: қызанақ, қияр» Көкөністер, олардың түстері, жинап алатын мезгілі және неге көкөніс деп аталатынын түсіндіру. Күнделікті тамаққа жиі пайдаланатын қияр мен қызанақ туралы әңгімелеу. Көкөністерді сипаттау арқылы сөздік қорларын, тіл байлықтарын, ойлау қабілеттерін дамыту. Көкөністерді күтіп баптауға баулу.</p> <p align="center"><u>Құрастыру:</u></p> <p>«Көкөністерге арналған үстел» Көкөністерге арналған үстелді құруға үйрету. Көз мөлшерін және кеңістікте бағдарлануын дамыту. Құрастыруға деген қызығушылықтарын, Ойлау қабілеттерін дамыту. Балалардың өздігінен құрылыс тұрғызуға деген тілегіне қолдау көрсету.</p>	<p align="center"><u>Сурет салу</u></p> <p>«Балауса шөптер» Қарындаш қасиеттерімен таныстыруды жалғастыру. Қарындашты дұрыс ұстап, көлденең түзу сызық жүргізе білуге үйрету.</p> <p align="center"><u>Музыка I-III-2</u> (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша)</p>

Кіші «Балапан» тобы
Өтпелі тақырып: «Дені саудың жаны сау» (Қараша II апта.)
«Жеміс бағында»

Мақсаты: Табиғаттағы өсімдіктер әлемі, ағаштар, жемістер туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру

<p align="center">Денсаулық- 3 Дене шынықтыру (3сағат)</p>	<p align="center">Қатынас- 1 Сөйлеуді дамыту (0,5) Көркем әдебиет (0,5)</p>	<p align="center">Таным- 2 Сенсорика (0,5с) Құрастыру (0,5) Жаратылыстану (1с)</p>	<p align="center">Шығармашылық- 3 Сурет салу (1с) Мүсіндеу (0,25) Музыка (1,5с) Жапсыру (0,25)</p>
<p><u>Дене шынықтыру</u> Екі қатарға қойылған кегельдер арасымен допты қос қолмен ұстап жүру. Балаларды арақашықтықты сақтай білуге дағдыландыру, допты лақтыруға үйрету. Қимыл қозғалыстарды орындаған кезде сигналға жауап қайтаруға ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p><u>Дене шынықтыру</u> Допты 50-60 см арақашықтықта лақтыру (диаметр 10-15 см). Балаларды арақашықтықты сақтай білуге дағдыландыру, жүгіру қарқынын өзгертуге үйрету.</p> <p><u>Дене шынықтыру</u> Баяу, қарқынды өзгерте отырып жүгіру. Балаларды арақашықтықты сақтай білуге дағдыландыру, жүгіру қарқынын өзгертуге үйрету.</p>	<p><u>Көркем әдебиет</u> «Жемістер жыры» (өлең Рза Қунақова) Коммуникативті дағдыларын дамыту, жемістерді атау барысында балалардың сөздік қорын жетілдіру.</p>	<p><u>Жаратылыстану</u> «Жемістер» Балаларды жемістердің түрлерімен таныстырып, оларды бір-бірінен түсі, пішіні, дәмі арқылы ажыратып білуге үйрету. Балалардың сүйіп жейтін жемісі-алмамен таныстыру. Түстер туралы ұғымын бекіту, ойлау қабілеті мен сөздік қорларын жетілдіру. Табиғатты қорғауға баулу.</p> <p><u>Сенсорика:</u> «Жемістер» Дөңгелекті сопақшадан ажырата білуге, сәйкес пазылдарға пішінді орналастыра отырып, дөңгелекті сопақшадан ажырата білуге үйрету, жазықтықта үлкен көлемді геометриялық фигураларды салыстыра білуге, алмұрт-сопақша, алма-дөңгелек, балалар ойындарына қосымшаларды қосуды жалғастыру. Табиғатты аялауға тәрбиелеу.</p>	<p><u>Сурет салу</u> «Вазадағы шиелер» Балаларға қарындашты дұрыс ұстауға қағаз бетінде дөңгелек із қалдыра отырып, оны қозғауға үйретуді жалғастыру. Дөңгелектерді бейнелей отырып, балаларға қарындашты қолдана білуге үйрету. Дөңгелек пішінді және қызыл түсті бекіту.</p> <p align="center"><u>Музыка</u> (Маманың жоспары бойынша)</p> <p align="center"><u>Жапсыру</u></p> <p>«Ағаштағы алма» Балалардың сүйіп жейтін жемісі-алмамен таныстыру. Алманың басқа түстерімен таныстыру(қызыл, сары, жасыл). Түстер туралы ұғымын бекіту, ойлау қабілеті мен сөздік қорларын жетілдіру. Табиғатты қорғауға баулу.</p>

Кіші «Балапан» тобы
Өтпелі тақырып : «Дені саудың жаны сау» (Қараша III апта.)
«Өзім туралы. Мен кімін?»

Мақсаты: Адам туралы және оның дене мүшелерінің аттарын білуге, өз атын айтуға үйрету. Жақсы мен жаманды айыруға, денсаулығын күтуге тәрбиелеу.

<p style="text-align: center;">Денсаулық- 3 Дене шынықтыру (3сағат)</p>	<p style="text-align: center;">Қатынас- 1 Сөйлеуді дамыту (0,5) Көркем әдебиет (0,5)</p>	<p style="text-align: center;">Таным- 2 Сенсорика (0,5с) Құрастыру (0,5) Жаратылыстану (1с)</p>	<p style="text-align: center;">Шығармашылық- 3 Сурет салу (1с) Мүсіндеу (0,25) Музыка (1,5с) Жапсыру (0,25)</p>
<p><u>Дене шынықтыру</u> 1. Баяу, қарқынды өзгерте отырып жүгіру. Балаларды арақашықтықты сақтай білуге дағдыландыру, жүгіру қарқынын өзгертуге үйрету. 2. Баяу, қарқынды өзгерте отырып жүгіру. Баяу, қарқынды өзгерте отырып жүгіруді үйрету. Ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. 3. Бір тізбекпен тізені жоғары көтеріп жүру. Жаттығуларды орындау барысында балалардың икемділігін қалыптастыру. Ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>	<p><u>Сөйлеуді дамыту</u> «Қуыршақты шомылдырып, ұйықтатамыз» Балаларға дұрыс жуыну ережелерін, киімдерін ретімен шешуді, киімдердің атын атай білуге үйрету.</p>	<p><u>Жаратылыстану</u> «Мен адаммын». Адам дене мүшесінің құрылысымен таныстыру. Дене мүше аталарын ажыратып, оларды дұрыс атауға үйрету. Сөздік қорын молайту, тілдерін жетілдіру. Түсініктердің өзара байланысын ұғыну. Өзін-өзі күтуге дағдыландыру. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. <u>Құрастыру:</u> «Балапандар» (қағазбен жұмыс) Балалардың саусақ қимыл-қозғалыстарын жетілдіру, қағазды умаждау арқылы балапанды жасауға болатынын түсіндіру, балапанға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу. Қағазбен жұмыс жасауда саусақ қимыл-қозғалыстарымен қағазды умаждау арқылы екі бөліктен тұратын балапанды жасай білуге қосымша бөліктерін дайындауға үйрету.</p>	<p><u>Сурет салу</u> «Әжемнің өрнектері» Түрлі түсті бояуларды пайдаланып, текеметті безендіруге үйрету. <p style="text-align: center;"><u>Музыка I-III-2</u></p> (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша)</p>

Кіші «Балапан» тобы
Өтпелі тақырып : «Дені саудың жаны сау» (Қараша IV апта.)
«Мөлдір су»

Мақсаты: Су туралы түсінік қалыптастыру, судың қасиетін, пайдасын түсіндіре отырып, үнемді пайдалануға үйрету.

<p align="center">Денсаулық- 3 Дене шынықтыру (3сағат)</p>	<p align="center">Қатынас- 1 Сөйлеуді дамыту (0,5) Көркем әдебиет (0,5)</p>	<p align="center">Таным- 2 Сенсорика (0,5с) Құрастыру (0,5) Жаратылыстану (1с)</p>	<p align="center">Шығармашылық- 3 Сурет салу (1с) Мүсіндеу (0,25) Музыка (1,5с) Жапсыру (0,25)</p>
<p align="center"><u>Дене шынықтыру</u></p> <p>1.Бір тізбекпен тізені жоғары көтеріп жүру. Жаттығуларды орындау барысында балалардың икемділігін қалыптастыру. Ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p>2. Допты алға домалату және оны қуып жету. Допты алға домалату және оны қуып жетуді үйрету. Жаттығуларды орындау алдында балалардың икемділігін дайындау.</p> <p>3. Құм салынған қапшықты (50 см арақашықтыққа) шеберге лақтыру. Құм салынған қапшықты (50 см арақашықтыққа) шеңберге лақтыруды үйрету. Ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу</p>	<p align="center"><u>Көркем әдебиет</u></p> <p>«Су патшасы дос болдық» Қ. Сатмұхамбетова Шағын көркем шығармаларды біртұтас қабылдауларын қалыптастыру, балаларды тақпақтардың сөздерін аяғына дейін айтуға үйрету. Сөйлеу мәнері мен дауыс ырғағының көркемдігін қалыптастыру. Тазалыққа, ұқыптылыққа баулу.</p>	<p align="center"><u>Жаратылыстану</u></p> <p>«Мөлдір су». Балаларға судың адам үшін де, жалпы тіршілік үшін де қажет екендігін түсіндіру. Суды үнемдеп пайдалану, суды ластауға болмайтындығы жөнінде түсініктерін қалыптастыру. Табиғат байлығына қамқор бола білу дағдыларын жетілдіру.</p> <p align="center"><u>Сенсорика:</u></p> <p>«Біз ұқыпты баламыз» Заттарды өлшемі бойынша салыстыру тәсілін балаларға үйрету, заттардың өлшемін сөзбен білдіру, пішіні бойынша геометриялық фигураларды топтастыру икемділігін бекіту, ұсақ қол моторикасын жетілдіру. Оқу іс-әрекетіне деген қызығушылық пен ынтаны тәрбиелеу.</p>	<p align="center"><u>Сурет салу</u></p> <p>«Орамалды безендіру» Қағазға бастырмамен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, орамалды геометриялық пішіндермен безендіруге үйрету. Саусақ, қол қимыл-қозғалыстары мен икемділіктерін дамыту.</p> <p align="center"><u>Мүсіндеу</u></p> <p>«Итке арналған итаяқ» Балаларды ермексаздан домалақ пішін жасауға үйрету; балалардың шығармашылық, танымдық ой-қабілеттерін, тілдерін дамыту, саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қимылын жетілдіру, балаларды жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу.</p> <p align="center"><u>Музыка II-IV-1</u> (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша)</p>

Кіші «Балапан» тобы
Өтпелі тақырып : «Бізді қоршаған әлем» (Желтоқсан І апта.)
«Қуыршақтың жиһаздары»

Мақсаты: Жиһаз туралы мәлімет бере отырып, түрлерін білуге, қажеттілігіне қарай пайдалануға үйрету, сөздік қорларын дамыту, жиһаздарды күтіп ұстауға тәрбиелеу.

<p align="center">Денсаулық- 3 Дене шынықтыру (3сағат)</p>	<p align="center">Қатынас- 1 Сөйлеуді дамыту (0,5) Көркем әдебиет (0,5)</p>	<p align="center">Таным- 2 Сенсорика (0,5с) Құрастыру (0,5) Жаратылыстану (1с)</p>	<p align="center">Шығармашылық- 3 Сурет салу (1с) Мүсіндеу (0,25) Музыка (1,5с) Жапсыру (0,25)</p>
<p align="center"><u>Дене шынықтыру</u></p> <p>1.Құм салынған қапшықты (50 см арақашықтыққа) шеберге лақтыру. Құм салынған қапшықты (50 см арақашықтыққа) шеңберге лақтыруды үйрету. Ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p>2. Бір сызықтан қос аяқпен секіру. Бір сызықтан қос аяқпен секіруді үйрету. Жаттығуларды орындау алдында балалардың икемділігін дайындау.</p> <p>3. Сызықтардың, жіптердің ортасымен (арақашықтықтары 20-30) жүгіру. Балаларды сызықтардың, жіптердің ортасымен жүгіруге үйрету, бір тізбекпен жүруге, жүгіруге дағдыландыру</p>	<p align="center"><u>Сөйлеуді дамыту</u></p> <p>Дидактикалық ойын «Жиһаздарды атап көрсет»</p> <p>Жиһаз туралы мәлімет бере отырып, түрлерін білуге, қажеттілігіне қарай пайдалануға үйрету, сөздік қорларын дамыту.</p>	<p align="center"><u>Жаратылыстану</u></p> <p>«Үй жиһаздары. Төсек.»</p> <p>Балаларға үй жиһаздары және оның қажеттілігі туралы түсіндіру. Үй жиһаздарының бірі- төсек, оның түрлерімен таныстыру және балалардың белсенді сөздік қорын дамыту. Тазалыққа, ұқыптылыққа баулу.</p> <p align="center"><u>Құрастыру:</u></p> <p>«Үстел және орындық»</p> <p>Балаларды құрылыс материалдарымен жұмыс жасауға үйрету, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру, педагогтің ұсынған шарты бойынша құрылыс материалдарын кеңестікте дұрыс орналастыра отырып үстел мен орындықты құрастыра білуге үйрету.</p>	<p align="center"><u>Сурет салу</u></p> <p>«Маймақ маң-маң басады»</p> <p>Аюдың ізін қылқаламмен, қарындашпен үлкен және кіші дақ түсіру арқылы салуға үйрету. Жұмыс барысында балалардың өз алдына жеке дербес әрекет етуі мен белсенділігін дамыту.</p> <p align="center"><u>Музыка I-III-2</u></p> <p>(Музыка жетекшісінің жоспары бойынша)</p>

Кіші «Балапан» тобы
Өтпелі тақырып : «Бізді қоршаған әлем» (Желтоқсан ІІ апта.)
«Қуыршақтың киімдері»

Мақсаты: Киім туралы білімдерін толықтырып, жыл мезгіліне байланысты киілетін киім түрлерін білуге, атауға үйрету, күзгі көріністерге жағымды қатынас тәрбиелеу.

<p align="center">Денсаулы - 3 Дене шынықтыру (3сағат)</p>	<p align="center">Қатынас- 1 Сөйлеуді дамыту (0,5) Көркем әдебиет (0,5)</p>	<p align="center">Таным- 2 Сенсорика (0,5с) Құрастыру (0,5) Жаратылыстану (1с)</p>	<p align="center">Шығармашылық- 3 Сурет салу (1с) Мүсіндеу (0,25) Музыка (1,5с) Жапсыру (0,25)</p>
<p><u>Дене шынықтыру</u> 1. Сызықтардың, жіптердің ортасымен (арақашықтықтары 20-30) жүгіру. Балаларды сызықтардың, жіптердің ортасымен жүгіруге үйрету, бір тізбекпен жүруге, жүгіруге дағдыландыру 2. Жіптің (биіктігі 30-40 см) астынан еңбектеп өту. Балаларды биіктігі 30-40 см жіптің астынан еңбектеп өтуге үйрету. Бір тізбекпен жүруге, жүгіруге дағдыландыру. 3. Допты бір қолмен (оң, сол) лақтыру. Балаларға бір қолмен ұстауға үйрету. Допты бір қолымен допты оң және сол қолмен лақтыруға дағдыландыру.</p>	<p><u>Көркем әдебиет</u> «Қолғап». Әнуарбек Дүйсенбиев Балаларға өлеңді зейін қойып тыңдауға, түсінуге және өз бетімен айтуға үйрету. Мазмұнын есте сақтау дағдыларын жетілдіру. Ұқыптылыққа баулу.</p>	<p><u>Жаратылыстану</u> «Киім дүкені» Балаларды киім түрлерімен таныстыру. Киім түрлерін ажыратып, оларды дұрыс атауға жаттықтыру. Сөздік қорын молайту, тілдерін жетілдіру. Ұлдың, қыз баланың киім түрлерін ажыратуға үйрету. Түстер туралы ұғымын бекіту. Тазалыққа тәрбиелеу. <u>Сенсорика:</u> «Ұзын қысқа» «Ұзын», «қысқа» ұғымдарымен таныстыру, беттестіру әдісі арқылы ұзындықты салыстыруға үйрету, сондай ақ заттармен тәжірибелік әрекет барысында ұзындық туралы білімдерін қолдана білуге үйрету, қашықтан заттарды ұзындықтары бойынша салыстыруды, көз мөлшерін дамыту, ұсақ қол моторикасын жетілдіру.</p>	<p><u>Сурет салу</u> «Қуыршақ Сәуленің көйлегін безендіреміз» Қылқаламмен немесе саусақ арқылы көйлекті дөңгелек пішіндермен безендіруге үйрету. Саусақтарының икемділігін арттыру, көйлекті әдемі әшекейлеу арқылы ой қиялдарын дамыту; Сурет салуға деген қызығушылыққа тәрбиелеу. <p align="center"><u>Жапсыру</u></p> «Пирамида» Ойыншық атауымен таныстыру; қағаз жолақтарынан пирамида құрастыруға үйрету, түстерді ажыратуды үйрету.Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Ойыншықтармен ұқыпты ойнауға тәрбиелеу. <u>Музыка ІІ-ІV-1</u> (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша)</p>

Кіші «Балапан» тобы
Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем» (Желтоқсан ІІІ апта.)
«Ыдыстар»

Мақсаты: Тұрмысқа қажетті ыдыс аяқпен таныстырып, оның түрлерін ажырата білуге үйрету, ойын үстінде қажеттілігіне қарай пайдалануға талпындыру.

<p align="center">Денсаулық- 3 Дене шынықтыру (3сағат)</p>	<p align="center">Қатынас- 1 Сөйлеуді дамыту (0,5) Көркем әдебиет (0,5)</p>	<p align="center">Таным- 2 Сенсорика (0,5с) Құрастыру (0,5) Жаратылыстану (1с)</p>	<p align="center">Шығармашылық- 3 Сурет салу (1с) Мүсіндеу (0,25) Музыка (1,5с) Жапсыру (0,25)</p>
<p><u>Дене шынықтыру</u> Допты бір қолмен (оң, сол) лақтыру. Балаларға бір қолмен ұстауға үйрету. Допты бір қолымен допты оң және сол қолмен лақтыруға дағдыландыру. Адамгершілік қасиеттерге ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p><u>Дене шынықтыру</u> 2. Еденде ирелендеп жатқан жіптің (сызықтың) үстімен жүру. Балаларды ирелендеп жатқан жіптің үстімен жүруді және жаттығулар оырнадағанда арақашықтықты сақтауға дағдыландыру.</p> <p><u>Дене шынықтыру</u> 3. Шығыршықтың ішіне қос аяқпен секіру. Балаларды шығыршықтың ішіне қос аяқпен секіруге және кегельдер арасымен жүгіруді үйрету.</p>	<p><u>Сөйлеуді дамыту</u> «Қуыршақ қонаққа келді». Балаларға ыдыстар мен тағамдардың аттарын айтуды үйрету, оларды ажыратуға жаттықтыру. Қонақ күту ережелерімен таныстыру. Қонақжайлылыққа баулу.</p>	<p><u>Жаратылыстану</u> Д/о : «Қуыршақтың ыдыс-аяғын жуамыз» Балаларды ыдыс-аяқ тірлерімен таныстыру. Ыдыс-аяқ түрлерін ажыратуға үйрету арқылы олардың қажеттілігін түсіндіру. Олардың атауларын дұрыс анық айтуға жаттықтыру. Тазалыққа баулу. Үлкендерге көмек көрсетуге талпындыру.</p> <p align="center"><u>Құрастыру:</u> «Тостаған» (қиылған бөліктерден құрастыру) Балаларды қағазбен жұмыс жасауға үйрету, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру, педагогтің ұсынған шарты бойынша үш бөліктен тұратын тостағанның суретін қағаздан кеңестікте дұрыс орналастыра отырып құрастыра білуге үйрету</p>	<p><u>Сурет салу</u> «Тарелкені безендіреміз» Қағазға бастырмамен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, тарелкені геометриялық пішіндермен безендіруге үйрету; саусақ, қол қимыл-қозғалыстары мен икемділіктерін дамыту. Балаларды әсемдікті көре білуге тәрбиелеу.</p> <p align="center"><u>Музыка І-ІІІ-2</u> (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша)</p>

Кіші «Балапан» тобы
Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем» (Желтоқсан IV апта.)
«Ғажайып қыс»

Мақсаты: Балалардың жаңа маусымы қыспен таныстыру, табиғат құбылыстары ажырату арқылы, негізгі ерекшеліктерін сипаттай білуге үйрету, табиғаттың әсемдігін айта білуге үйрету.

<p align="center">Денсаулық - 3 Дене шынықтыру (3сағат)</p>	<p align="center">Қатынас- 1 Сөйлеуді дамыту (0,5) Көркем әдебиет (0,5)</p>	<p align="center">Таным- 2 Сенсорика (0,5с) Құрастыру (0,5) Жаратылыстану (1с)</p>	<p align="center">Шығармашылық- 3 Сурет салу (1с) Мүсіндеу (0,25) Музыка (1,5с) Жапсыру (0,25)</p>
<p align="center"><u>Дене шынықтыру</u></p> <p>1.Шығыршықтың ішіне қос аяқпен секіру. Балаларды шығыршықтың ішіне қос аяқпен секіруге және кегельдер арасымен жүгіруді үйрету.</p> <p>2. Кегельдер арасымен жүгіру. Кегельдер арасымен жүгіруге үйрету. Жаттығуды орындағанда арақашықтықтарды сақтауға дағдыландыру.</p> <p>3. 5-10 см биіктіктен секіру. Балаларды биіктіктен секіруді және жаттығуларды толық, дұрыс орындауға үйрету. Жаттығу орындағанда арақашықтықтарды сақтауға дағдыландыру.</p>	<p align="center"><u>Көркем әдебиет</u></p> <p>«Шаналар» О.Высотская. ауд. Қ.Сатмұхамбетова</p> <p>Көркем шығармалар мазмұнына қызығушылық және эмоционалдық тілектестікті дамыту. Шаналар өлеңінің мазмұнын түсінуге дағдыландыру. Қыс мезгілі, қыс қызықтары, қысқы ойын туралы білімдерін жетілдіру. Достыққа тәрбиелеу.</p>	<p align="center"><u>Жаратылыстану</u></p> <p>«Қысқы ағаштар. Шырша».</p> <p>Ағаштардың түрлерімен таныстыру. Оның ішінде шыршаның әдемі болып өсуі үшін адамдардың көмегінің қажет екендігін балаларға түсіндіру. Шыршаны суару, түбін тазалау сияқты жұмыстар туралы түсіндіріп, қарапайым еңбек іс-әрекетіне дағдыландыру.</p> <p align="center"><u>Сенсорика:</u></p> <p>«Жоғары-төмен»</p> <p>Кеңестіктік қатынастарымен танысу, «жоғары-төмен» сөздерінің мағынасын түсінуге үйрету және тәрбиешінің соңынан қайталап айту, саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру, тілді түсінуді жетілдіру, естіп, қабылдауды дамыту. Балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>	<p align="center"><u>Сурет салу</u></p> <p>«Мұз айдынындағы іздер»</p> <p>Қылқаламды дұрыс ұстай отырып, берілген фонның үстінен коньки ізін ирек сызықтар сызу арқылы көрсетуге үйрету. Ирек сызықтар сызу дағдыларын қалыптастыру. Эмоционалды сезімдерін тудыру.</p> <p align="center"><u>Мүсіндеу</u></p> <p>«Жасыл шырша жанында»</p> <p>Балаларды мүсіндеудің жаңа амалдарымен таныстыру. Қиюды – барельефті, сән ойыншықтары мен ермексазды қолдану тәсілдерін үйрету; шыршаны әдемі және сәнді етіп безендіруге үйрету; саусақтың ұсақ бұлшықеттерінің қимылын жетілдіру.</p> <p align="center"><u>Музыка II-IV-1</u></p> <p>(Музыка жетекшісінің жоспары бойынша)</p>

Кіші «Балапан» тобы
Өтпелі тақырып «Біздің кіші достарымыз»
«Ауладағы құстар» (Үй құстары) Қаңтар -I апта

Мақсаты: Балалардың үй, жабайы жануарлар және құстар туралы түсініктерін қалыптастыру, оларға деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу.

<p>Денсаулық- 3 Дене шынықтыру - 3</p>	<p>Қатынас- 1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет-0,5</p>	<p>Таным- 2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1</p>	<p>Шығармашылық- 3 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Апликация-0,25 Музыка-1,5</p>
<p><u>Дене шынықтыру</u> 1. Доғаның астымен еңбектеу. Доптарды себетке лақтыру. Дене бітімдерінің дұрыс қалыптасуын қадағалау. Адамгершілік қасиеттерге ұқыптылыққа тәрбиелеу. <u>Дене шынықтыру</u> 2. Доптарды себетке лақтыру. Еденде жатқан арқан үстімен жүру. Қимылды ойындарды қызығушылықпен ойнауға тәрбиелеу. <u>Дене шынықтыру</u> 3. Доптарды себетке лақтыру. Еденде жатқан арқан үстімен жүру. Қимылды ойындарды қызығушылықпен ойнауға тәрбиелеу.</p>	<p><u>Сөйлеуді дамыту</u> «Не қалай дыбыстайды?» Құстардың дыбыстарын тыңдату арқылы әр құстың дыбысын ажырата білуге үйрету. Құстарға деген сүйіспеншіліктерін арттырып, қамқорлыққа тәрбиелеу.</p>	<p><u>Жаратылыстану</u> «Үй құстары. Тауық, әтеш, балапан». Үй құстарының тіршілігі жайлы түсіндіру арқылы ойлау, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру. Құстардың табиғатқа, адамдарға келтіретін пайдасына тоқталу, үй құстарына қамқор болуға, оларды күте білуге тәрбиелеу. <u>Құрастыру</u> «Балапандар» (қағазбен жұмыс) Балалардың саусақ қимыл-қозғалыстарын жетілдіру, қағазды умаждау арқылы балапанды жасауға болатынын түсіндіру,. Қағазбен жұмыс жасауда саусақ қимыл-қозғалыстарымен қағазды умаждау арқылы екі бөліктен тұратын балапанды жасай білуге қосымша бөліктерін дайындауға үйрету. Балапанға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу</p>	<p><u>Сурет салу</u> «Торғайларға жем шашамыз» Гуашпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Қағаз бетіне нүктелерді түсіруді үйрету. Ойын тәсілдері арқылы ой қиялдарын дамыту. Құстарға деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу. <u>Музыка I-III-2</u> (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша)</p>

Кіші «Балапан» тобы
Өтпелі тақырып «Біздің кіші достарымыз»
«Үй жануарлары» Қаңтар II апта.

Мақсаты: Үй жануарлары туралы түсініктерін дамыту. Үй жануарларға қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу.

<p>Денсаулық- 3 Дене шынықтыру – 3</p>	<p>Қатынас- 1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет-0,5</p>	<p>Таным- 2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1</p>	<p>Шығармашылық- 3 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Апликация-0,25 Музыка-1,5</p>
